

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

2022 жылғы «12» сәуіртар

Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2019 жылғы 7 маусымдағы № 605 бұйрығымен бекітілген Жарғы негізінде әрекет ететін директор **Рамазан Құмарбекұлы Сәрпеков** бір тараптан және Республикалық заң консультанттары алқасы атынан 2021 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының заң консультанттары палаталары өкілдерінің съезінде бекітілген (№1 хаттама) Жарғы негізінде әрекет ететін Төраға **Серік Байсейітұлы Ақылбай** екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, төмендегілер туралы осы Меморандумды жасасты:

1-бап

Тараптар тұрақты және ұзақ мерзімді негізде екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге өзара мүдделілікті ескере отырып, тең құқықтық пен өзара тиімділік қағидаттары негізінде өзара іс-қимыл жасайтын болады.

Осы Меморандум аясындағы ынтымақтастық Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2-бап

Осы Меморандумның нысанасы Тараптардың Қазақстан Республикасының нормашығармашылығы қызметінің тиімділігін арттыру және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде құқықтық ғылым рөлін күшейту, сондай-ақ олардың өңірлік, республикалық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметіне қатысуын ғылыми-құқықтық сүйемелдеу мақсатында ғылыми ынтымақтастықты орнату және дамыту болып табылады.

3-бап

Осы Меморандумның мақсаттарына қол жеткізу үшін Тараптар қызметтің мынадай түрлері:

- бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;
- Тараптардың ғылыми қызметі нәтижелерін, оның ішінде әрбір Тараптың Жарғысына сәйкес оларды коммерцияландыру арқылы практикалық енгізуді қамтамасыз ету;

- заңнама тиімділігіне, сондай-ақ оны қолдану практикасына талдау жүргізу;

- ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға және өзге де іс-шараларға қатысу, сондай-ақ сол іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- қажет болғанда құқықтық актілер жобаларын дайындауға қатысу;

- шет мемлекеттердің ғылыми мекемелерімен ғылыми байланыстарды дамытуда жәрдем көрсету;

- ғылыми әдебиетпен және өзге де ақпарат алмасу;

- белгіленген тәртіппен монографиялар, мақалалар жинағын, өзге де ғылыми және ақпараттық материалдарды басып шығару және олармен алмасу;

- Тараптардың ғылыми басылымдарында ғылыми еңбектерді жариялауға жәрдемдесу;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының жай-күйі мен даму беталысының талдамалық және ақпараттық шолуларын жасау;

- ақпараттық-құқықтық ресурстарды және ақпараттық-ізвестіру жүйелерін пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық сипаттағы қызметтерді көрсету;

- Тараптар қызметкерлерінің біліктілігін тағылымдамалар, ғылыми консультациялар, семинарлар өткізу арқылы арттыруға өзара көмек көрсету бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

Тараптардың келісуі бойынша ынтымақтастық қызметтің өзге де түрлері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

4-бап

Осы Меморандум аясында Тараптар оны іске асыру үшін нақты іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады.

Тараптар осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын қызметтің жекелеген түрлері бойынша жұмыс және жобалар бағдарламаларын қалыптастырады және бірлесіп бекітеді.

Тараптар өзара уағдаластық бойынша осы Меморандумда көзделген жұмыстарды жүргізу үшін ынтымақтасуға үшінші тұлғаларды тартуы мүмкін.

5-бап

Осы Меморандум Тараптарға қаржылай міндеттемелерді жүктемейді. Тараптардың ынтымақтастықтың нақты мәселелері, оның ішінде өзара есеп-айырысу бойынша өзара қарым-қатынастары жекелеген шарттар негізінде реттеледі.

6-бап

Осы Меморандум бойынша Тараптардың міндеттемелеріне байланысты ықтимал дауларды шешу өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы жүзеге асырылады.

7-бап

Осы Меморандум Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2022 жылғы 1 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

Осы Меморандумның ережелері Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Меморандум Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша болжалды бұзу күніне дейін кемінде бір ай бұрын кешіктірілмей екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұзылуы мүмкін.

Осы Меморандум әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігі
Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

Республикалық заң
консультанттарының алқасы

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қ.
Қабанбай батыр даңғылы, 19
Тел.: 8 (7172) 26-61-22

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қ.
Д.А. Қонаев көшесі, 12/1, 403-кеңсе
Тел.: 8 (7172) 50-06-61

E-mail: nra@zqai.kz

E-mail: jurist-kaz@mail.ru

Директор



Р. К. Сәрпеков



Төраға



С. Б. Ақылбай

